

ДАУТАРҚАР

Әдебиет әлемінде әрқилы пікірталас, дау-дамай, тіпті, бітіспес қайшылықтар болып жатуы – табиғи құбылыс. Мұндай, үлкенді-кішілі майдан, әлбетте, тарихқа, заманға әрқилы көзқарас, идеялық қайшылық, көркемдік танымнан туындамақ. Сонымен қатар, пендешілік жағдайлар да орын алуы мүмкін. Советтер билігіндегі қазақ ахуалында, әдебиет төңірегіндегі әңгіме әуел бастан-ақ бұған мүлде кереғар жағдайда қалыптасты. Есебі, рухани өмірге мүлде қатыссыз, қожайынға арқа сүйеген өктемдік тұрғысында. Егемен өкіметімнің оң қолы, оң көзі Д.Исабековтің маған қарсы, аяқ астынан шыққан шабуылын осы социалистік ағымның ең соңғы бір көрінісі деп бағалар едім.

Мұншама зор майданға себеп емес, сылтау – менің дәстүрлі Мемлекеттік сыйлыққа байланысты, қазіргі тірі классик Тұрысбек Сәукетайды хош көрген шағын пікіріме орай туындапты. Марапат мәселесі жайына қалады, сексен жасқа келгенде жаңа шыққан мүйізінің тұқылы сыздап, тынышын кетірген Д.Исабеков бар қаһарын бізге бағыттайды. Яғни, көрнекі себепсіз, 2022 жылы қарашада басталған құдалау науқаны тура тоғыз ай – үстіміздегі жылдың бел ортасына дейін жалғасыпты.

Не айтылды, не қойды – оқырман жұртшылық ендігі ұмытып та қалған шығар. Амал жоқ, басынан түсейік.

Алғашқы айыптау актісінің (Неге.кз, 10.XI.2022) кейбір тармақтары.

«Мұхтар Мағауиннің бүкіл позициясы маған ұнамайды. Шетелде жатып алып, осы жақтың тіршілігіне араласып отыр... Президент Мағауиннің хатынан кейін қаулы шығарып, Сәукетаевқа «Желқайық» романы үшін Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығын тағайындапты».

«Ол ешқандай да қуғын көрген жоқ. «Жұлдыз» журналын 20 жылдай басқарды... Әр санын өз пайдасына ғана арнап шығарып отырды.

«Жұрттың пікіріне қарсы «Мен» деген роман жазып, жариялады. Кейбіреулер «Мен» емес, неге «Ол» деген роман жазбайды?» деп пікір қалдырып еді, оларға бас салды. Өзінен басқа жазушы жоқ екенін ашық айтты. Анау Мұхтар Әуезовті де, басқасының бәрін ысырып қойып, жалғыз өзін жазушы етіп көрсетті. Қалғанының бәрі одан әлдеқайда төмен. Ешқайсымыз, өліміз де, тіріміз де аман қалған жоқпыз...»

«Жалпы, Мұхтар Мағауиннің шығармашылығы көп сұраққа толы, тарихи романдарының көбі көшірме екенін бір кезде дәлелдегендер де болды.»

«Елдің мәселесі туралы, халықтың жағдайы туралы айтпайды...»

Ықшамдап қайырғанда, осыншама сөгіс. Мұндай кінәрат тармақтарына қайран қалған біз де өзімізше қармаланып, мүмкіндігінше сыпайы жауап қайырамыз (27.XI.2022 – келесі күндерде әлденеше сайтта).

Төтенше бір жағдай – сөз біледі дейтін әлдебір інілерім осы жойдасыз дауға мені айыпкер санапты («Дат» – 8.XII.2022). Алда-жалда сөз қайырмасам, бұл бауырлар бастапқы, зәрлі мақалаға қатысты әлденендей бір уәж айтар ма еді? Жоқ. Анығы – пәлекет менен шықты. Енді қажетті «әділдік» – екі жаққа да кінә артады. Жанжалды кім, қалай бастады, қарадан-қарап, қаншама қисынсыз айып тақты – есеп емес. Өкіметімнің сүйікті ұлы не айтса да, мақұл көріп, үндемей құтылуым керек екен. Яғни, барлық айып, ғайбатты қабылдап алуым шарт.

Қабылдамадық. Әйтсе де, осымен тоқтаған сияқты едік. Ал біздің жұлдызды әріптес тоқтай алмапты. Сөйтіп, ізін суытпай, тағы бір ауыр соққы береді (14.XII.2022, «Түркістан» және тағы бірнеше сайт).

«Мағауиннің хатын оқып шығып, жауап бергім келмеп еді. От басындағы әйелдердің қысыр әңгімелері сияқты хатқа жауап беріп жату артық көрініп еді. Бірақ... ғайбат сөз намысымды келтірді.»

«Мемлекеттік сыйлықты біз болмасақ (Рымғали Нұрғалиев) осы уақытқа шейін ала алмас едің» депсің. Ол қандай сәуегейлік? Мемлекеттік сыйлық алу басты мақсат па еді? Осы комиссияға ұзақ жылдар бойы мен де мүше болдым... Комиссия отырысы кезінде кімді қолдап, кімге дауыс бергенім есімде жоқ... «Баяғыда бір тостақ ұн беріп едім» деп, бергенін айтып қоймайтын ауылдағы қазымыр кемпірлердей, отыз жылғы еселі оқиғаны әлі ұмытпағаныңа таңқалам.»

«Берте» пьесасын «Шыңғыс хан» атты тетрологиямнан көшіріп алған деген сынды пікір айтыпсың. Мен ол кітапты оқымақ түгілі, қолыма ұстап көрген адам емеспін. Қорамда мың қой тұрып, біреудің тышқақ лағын ұрлап қайтемін?»

«Бәрің шулап, қолдан жасалған садақтарыңмен, рогаткаларыңмен қанша атсаңдар да оқтарың маған жетпейді. Мен тым алыстап кеткенмін...»

Осынша шаптықпа сөзден соң өзі де тоқтаса керек еді. Бірақ «Жау берілмесе, оны құртар болар» дейтін өршіл ұран астындағы совет жазушысы Д.Исабеков тоқтай алмапты. Өзіне әлдеқалай қайшы келген пендені біржола талқандау қажет. Біз бар кінәмізді мойындағандай, анығы – айтылар сөзіміз зая дегендей, бұл ретте үнсіз қалыппыз. Енді, «Жеңген иттің желкесінен» – үшінші, бұл жолы нокдаун емес, ауыр нокаут есепті, жаңа бір айыптарын алға шығарады (Әдебиет порталы, 13.VII.2023). Бұрынғыны тиянақтай қайталау және тағы бір сорақылықтардың бетін ашу.

«Мұхтар Мағауин «Жұлдыз» журналын он тоғыз жыл басқарды. Ешкім осыншама жыл басқарған емес. Және журналдың бәрі: «Мен, мен, мен.» Жалғыз өзі ғана шын жазушы...»

«Ол кіммен күресті? Биліктің жағында да болды. Сөйтіп өзі кетті де қалды.»

«Мен Назарбаевпен соттасуға дейін барған адаммын. Үкімет жағынан қысым көрген адам болса, шетелге мен кетуші едім.»

«Мұхтар ақыры Америкада жүріп жатыр... Сонда немен айналысып жатыр?»

«Дулат Исабековты тәубесіне келтіру» деп мақала жазып, маған тиіскен өзі ғой.»

«Мырзан Кенжебай сенің «Аласапыран» романыңды кімнен көшіріп алғаның жайлы мақала жазған еді... Мұхтардың жауабын күтіп: «Контраргумент айтып көрші» – деп едім, ол үндемей қалды. Жым-жырт».

«Кезінде сен «Жас ғалым ашқан жаңалық» деп ғылыми диссертация қорғадың. Бір күн де кітапханаға барып, ғылыммен айналысқан адам емессің. Мен айтып берейін, «Жас ғалым ашқан жаңалық» сенің емес, Ханғали Сүйіншәлиевтің еңбегі. Байғұс шалдың еңбегін пайдаланып кеттің...»

Біздің төзіміміз таусылған жер – осы болды. «Аласапыран» үшін емес, басқа да тарихи романдардың барлығы көшірме болып шыққаны, тіпті, қандай да бір көркемдіктен ада «Жармақ» үшін де емес. Тек қана «Алдаспан» үшін. Бұл жолы жөн-жосығы белгісіз ғайыптан көшірмепіз, тапа-тал түсте әлдебір дәрменсіз, кәрі профессорды үштеп, бастан-аяқ ұрлап алыпсыз. Бұдан өткен сұмдық бола ма?

Көп ғайбаттың ішіндегі ерекшесі – бүгінге дейінгі жиырма алты томдық Толық жинағымызды қай жағынан алғанда да басып өтетін жалғыз еңбек – Орта ғасырлық ұлы жыраулар мұрасын жаңадан ашып, қазақ әдебиетінің тарихына енгізген жанкешті қызметіміз – өзімізге емес, басқа біреуге тиесілі екен. Қайратты, жас жылдарымызды арнап, болашақ бар ғұмырымызды алмағайып тәуекелге байлаған, қаншама сөгіс арқалап, саяси айыпқа таңылып, тәркіге ұшырап, соған қарамастан, Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин, Әлкей Марғұлан, Нығмет Ғабдуллин және тағы басқа да қаншама ғұлама дегдар мақұлдап, қолдап, ақыры бізді бар мұратымызға жеткізген, ең басты, асқаралы жұмысымыз, – қадап айтайық, қазақ халқының алдындағы тарихи ерен еңбегіміз жоққа айналмақ. Ол рас, қайткенде бар шырғалаңы сауатты жұртшылыққа мағлұм, әдебиет шежіресінде өшпестей таңбаланған, 1970 жылы алғаш рет басылып, кейінде «Бес ғасыр» антологияларына ұласқан «Алдаспан» мен 1964-65 жылдарда жазылып, жекелеген мақалалар ретінде жарияланған, ақыры 1968 жылы кітап болып басылған «Қобыз сарынына» көлеңке түспек емес. Әйтсе де... неткен ерікті ауыз?!

Біз де пендеміз ғой, көп ұзатпай тиесілі жауабын қайтардық.

«Мал иесі», марқұм Ханғали Сүйіншәлиев – Д.Исабеков көтермелей отыра, кемісітіп сөйлеген «байғұс шалдың» өзінің тұрғысынан. Әрине, тіршілікте жазып кеткен еңбектерінен нақты сөздерін куәлікке тартып (Әдебиет порталы, 7.IX.2023).

Анық, айқын жағдай. Осыдан соң біз, қайткенде түйсігі болуға мүмкін Д.Исабековтің өз қателігін мойындаған, қателік емес, көпе-көрнеу жаласына өкініш білдіріп, бізден, жалпы жұрттан кешірім сұраған лепесін күтіп едік. Тура тоқсан күн өтіпті. Күмәніміз болса да, үмітіміз басым еді. Бекерге шықты.

Ойлап қарасақ, бұл «Кейісті хат» – кінәласу емес, айыптының, яғни біздің ақталу сөзімізге көбірек ұқсайды екен. «Мен кісі өлтіргем жоқ...»

Енді аллегория мен әзіл-қалжыңды жайына қалдырып, өткен іске қайта айналып соғу қажет екен. Өнімсіз дамайды біржола тиянақтау үшін.

Әйтсе де, таңқаларлық жағдай. Д.Исабековтің Бізге қисынсыздан келіп соқтығуы. Өзінің шынайы болмысын әйгілепті. Тарихи және әдеби танымының қораштығын, жалпы сауаты, жазу мәдениеті ғана емес, кісілік мәдениетінің төмендігін. Алды-артын ойламай, аузына келгенін лықыта салады, дәлелсіз, дәйексіз айыптар таққаны өз алдына, өктемсіп, әкірендеп сөйлейді. Сексен кітап шығарып, сексен жасты жеміре бастаған бізге. Әлі атағы кеміс, бірақ қазірдің өзінде лауреат ағасынан әлдеқайда тәуір жазатын, алды бірнеше шет тілде шығып үлгерген кейінгі жастарға қандай қысас жасар екен... Жасай алмайды. Қолынан келмейді. Біздің мысалымыздан айқын көрініп тұрғандай, әлін білмеген әлек.

Әйтсе де, түсінікті жағдай. Алтынды-гауһарлы «Тұңғыш президент – Елбасы» орденінің таңдама кавалері, Нұрсұлтан Назарбаевтың жандайшабынан не күтуге болады – өткен отыз жылда қалыптасқан астамшылық; бірақ қазір басқа заман, есі дұрыс ешкім де ықпайды, қатарласы күлсе, кейінгі жастар жиренуі мүмкін. Біз сияқты салғыласып жатса ғой. Жоқ, әлдебір оспадар бала сақалынан сүйреп жүрмесе...

Сонымен, Мұхтар Мағауиннің әлденендей жалақор жазарман есімін кейінгі әдебиет шежіресіне жұғыстырған амалсыз бір сөзі тәмам-тәмам деп біліңіз.

22.XII.2023,
Кемер, Түркия.